



Barigantac

1817

СЕРІК ЖАҚСЫБАЕВ

БІЛІМ АЛМУСЫ АҚПАРАТТЫҚ
ҚАДІМДІК АҚПАРАТ

ШЫҢҒЫС ХАННЫҢ АҚИҚАТТЫ ҺӘМ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Жалпы Түркі халықтарының перзенті саналатын Шыңғыс хан – бүкіл әлем деңгейіндегі мәңгілік ұлы тұлға. Оны 800-ге жуық әйгілі ғалымдар мен жазушылар егжей-тегжейлі шұқшия зерттеп жазған. Осыншама адамдардың ішінде оның қандай қолбасшы екендігі жайлы оған әділ баға берген деп осы жолдар авторы белгілі итальян саяхатшысы Марко Поло (1254-1324 ж.ж.) мен атақты император Наполеон Бонапарттың есімдеріне айрықша тоқталады. Атап айтқанда, осы екеуінің Шыңғыс ханға берген шынайы бағалары, мәселен, Марко Поло: «Ол өлді, бұл, әрине, қайғылы. Ол сөзсіз адал және ақылды адам еді», - десе, ал Наполеон Бонапарт: «Мен Шыңғыс хандай бақытты бола алмадым», - депті.

Енді осы айтылған пікірлердің шындығына көз жеткізу үшін төмендегі Шыңғыс ханның ақиқатты һәм нақыл сөздерін оқып көрелік.

1. Егер әркім арамдық пиғылдарынан арылатын болса, онда бүкіл ел ұры-қарыдан, зиянды әдеттерден пәк болары анық.

2. Арақ-шарап ішетіндерден ақыл-айла да, пайда да, әдептілікті де, қайырымды мінез-құлықты да, адамгершілікті де күтпе. Мүлде арақ-шарап ішпейтін адам нағыз қадірлі



адамдар санатына жатады.

3. Мемлекеттің жауына көрден артық орын жоқ.

4. Кімде-кім өзінің паңдығынан айырылмайынша адамдарды соңынан ертіп жүре алмайды.

5. Халқы бақытсыз хан ешқашан бақыттың мәнін түсінбейді.

6. Өз басында сәнді киім, жүйрік аттар мен сұлу әйелдері бар адам мақсаты мен арманын ұмытып кетеді. Мұндай аса жарасымды жағдайда ол бәрінен де оңай айырылып, құлдан да артық бейшара болып қалуы шүбәсіз.

7. Қайыққа жақсы меңгерік (руль) қандайлық керек болса, сондайлық билікке де білгір басшы адамдар керек.

8. Әртүрлі істің орындалуына орай жасалған арнайы дайындық табысқа жетуді қамтамасыз етеді, ал алды-артын болжамаушылық жеңілуге әкеп соғады.

9. Менің аузымнан шыққан сөз семсеріме пара-пар дегуге болады.

10. Әртүрлі діндегі адамдар татулық жағдайда өмір сүрулері керек.

11. Заттың жасалып бітуінен кейін ғана оның не жақсы, не жаман екенін айтуға болады.

12. Қолыңа алған жұмысты істегің келсе қорқушы болма, қорықсаң – істеме.

13. Момын жұрттың арасында жүргенде қошақандай тыныш бол, ал шайқасқа шыққанда жауыңа аш бүркітше шүйіл.

14. Бір топ итті жолбарыс басқарса, күндердің бір күнінде иттер тегіс жолбарыс болады. Ал бір топ жолбарысты ит басқарса, ақырында барып, жолбарыстар ит боп кетеді.

15. Тәңір әр адамның жүрегінде болуы керек. Сонда жан дүниенің Тәңірге сиынатын орынға айналады. Одан артық ғибадатхана жоқ.

16. Билеушінің өзі айтқан сөзінде тұрмауы пасықтық болады.

17. Бекініс қабырғаларының беріктігі ешқашан оны қорғаушылардың қажырлығынан көп те емес, аз да емес болады.

18. Еркектердің жақсысы қатындарының жақсылығымен танылады.

19. Ханның бақытты болғаны қараша халқының арқасы, ал қараша халықтың бақытты болуы ханға байланысты.

20. Бейбіт елдің ішінде үндемес бұзаудай бол, ал соғыс кезінде өз жемтігіне ұмтылған аш құрсақ сұңқардай бол.

21. Әскер нояндары ойын балаларын садақ атуға, атқа мінуге һәм найзагерлік өнерді игеруге үйретіп, оларды жаужүрек батырлыққа баулулары керек.

22. Жүз істі атқарған адамның жұмысы нық, сөзінде тұрған адамның көңілі тоқ.

23. Текті адамды өлім жазасына бұйыру үшін, бұлтартпайтын дәлелді дерек керек.

24. Әр істің межелі уақытына жетіп аяқталуы оның құндылығы болады.

25. Бейбіт өмірде бұзаудай жуас бол, ал ұрыс кезінде жауыңа қырғидай тиетін бол.

26. Аң аулауға шығудың мақсаты қанжығаны мықтап майлау, ал жауға шапқандағы мақсатың көп қарсыласыңды жер жастандыру.

27. Есукей әкем үшін жүрегімде қатып қалған кек мені бүгінгідей жоғары атаққа жеткізді.

28. Білімді, білікті адамдарды алтын берсең де өзіңе тартып, қасыңда ұстасаң олардың пайдасын көресің.

29. Ат жалын тартып жүріп, жаулап алған жұртты ат үстінде жүріп басқаруға болмайды.

30. Біздер Тәңір алдында қандай киіммен жүрсек те, оған қандай мінажат қылсақ та – бірдей тең адамбыз.

31. Кім біреуге өзін қорлауға ырық бермесе, сол адамды «нағыз адам болып туған» деуге болады.

32. Өмір байлықтан қымбатырақ, ал абырой өмірден қымбат.

33. Тәңірге жан-тәніңмен сенетін болсаң жеңіске жетесің.

34. Өз өміріңді сақтауға қажетті шипалы заттар бар, алайда мәңгі өлмеудің дәрісі жоқ.

35. Әртүрлі жұмыс істеу үшін тәжірибелі, білімдар адамдар керек.

36. Көптеген көп адамдардың ішінде бәрінен жоғары тұратын мемлекеттің заңдарын білетін адам.

37. Егер хан өзін қарапайым халық өкілі сияқты жүріп-тұрса, онда ол өзінің халқынан айырылып қалады.

38. Егер қарапайым халықтан шыққан адам өзін хан сияқты көрсеткісі келсе, онда ол өзінің қара басынан айырылады.

39. Егер қатал билеуші зорлық-зомбылық жасайтын болса, онда ол қара иттен жаманырақ болады.

40. Өзінің сөзінде шындықты қолдайтын адам жан-жүйесінің табандылығын білдіреді.

41. Көпшілікке ұнамды болу үшін өзіңнің тілек-талабыңда сыпайы болған лазым.

42. Егер бір пікірлі адам болса, онда ол еркек емес, құрметті адам санатында болады.

43. Егер бір пікірлі әйел болса, онда ол әйел емес, еркек санатында болады.

44. Егер екі пікірлі адам болса, онда ол адам емес, ит есебінде болады.

45. Арыстанға шынжырлы бұғау ар емес.

46. Отбасында жалғыз болсаң да көппен бірге бол.

47. Өмірден адал адам болып өту – адамгершіліктің белгісі.

